

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

август Жексенбі

жеке саны 20 тыйын
Шығуына 33 жыл

Шахтерлер міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауда

СТАЛИНО, 15 август. (СОТА). «Сталинуголь» комбинатының 33 шахтасының коллективтері шахтерлер күні құрметіне алған социалистік міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс он мыңдаған тонна көмір берді. Көптеген шахталар 8 айлық тапсырманы орындап, қазірдің өзінде-ақ сентябрь айының есебіне көмір бере бастады.

Макеевканың «Ново —Бутовка» шахтасының кеншілері

программадан тыс 25 эшелон көмір берді. «Ново —Мушкетово» шахтасы график бойынша жұмыс істеу тәртібіне көшті.

Отынның өзіндік бағасын кеміту есебінен жоспардан тыс миллион сомға жуық қаржы үнемделді.

Сол сияқты, «Куйбышевуголь», «Сталинуголь», «Горненскуголь» және басқа трестердің кеншілері жоспардан тыс көптеген көмір берді.

ма

ты тәрбиелік ма- бағаламайды, сөй- сырма беру ісіне сырма бере қалса ермейді, тапсырма- тке көмектесей- аң бұл участогіне еттерінің өздері де астауыш партия тердің бәріне пар- теу, сөйтіп, олар- ы орындату үстін- еуді талап етпей-

ялық тапсырма әрбір коммунистке інде ғана емес, йымы жұмысының ғуға көмектесуінде ені, коммунистерге саласынан тап- олар сол тапсыр- ындаса, ұйымның е жақсаратыны ідеше, партиялық қарауға, оның ауға тіпті де бол- коммунист өзінің ісі даярлығының аялық тапсырма

Егін жыйнау мен астық дайындау қарқыны күшейтілсін


Алғашқы нәтижелер

«Баян» колхозының егіс даласында 6 комбайн жұмыс істейді. Егін орағының алғашқы күндерінен бастап, комбайншылар өздерінің күнделікті тапсырмаларын толық және артығымен орындауға жетісті.

Егінді мерзімінде және ысырапсыз жыйнап алу жолындағы социалистік жарыста Социалистік Еңбек Ері Галиакпер Асадуллаев алдыңғы қатарда келеді. Ол быйылғы маусымда тіркеудегі бір «Сталинец» комбайнымен мың гектар егістік алаңның егінін жыйнауға міндеттенген болатын. Ол комбайнның жұмысқа әзімді пайдалану нәтижесінде күндіз форманы ұдайы артырымен орындап жүр.

Еңбек ерінен А. Итемеров, О. Маликов және Қ. Сұрағанов сияқты комбайншылар да қалысатын емес. Бұлар да—комбайнмен егін жыйнауда сменалық тапсырмаларын толық орындап жүргендер.

Аталған колхозда астық дайындау да ойдағыдай жүргізіле бастады. Мұнда күн сайын дайындау пункттеріне 200 центнер астық жөнелтілуде. Соңғы бес күн ішінде бұл колхоз мемлекетке 1200 центнер астық тапсырды.



Ленин ауданы, «Еңбек» колхозының мүшелері И. Долушев, М. Пожидаев және Ш. Ыбраев жолдастар тәулігіне 700—800 центнер астық тазалайтын зернопулыт жасап шығарды. Зернопулыт колхоз қырманына орнатылды.

СУРЕТТЕ «Еңбек» колхозы қырманының көрінісі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Матай теміржолшыларының үлгісімен

Қарқын үдей береді

Аға машинист Воронин жолдас басқарған № 74 көмір тиеу кранының бригадасында еліміздің темір жол торабындағы үздік кран деген атақ берілді. Бұл — бригада коллективінің социалистік жарысты кеңінен өрістетуінің, өздері басқарған машинаның қуатын сарқа пайдалана білуінің нәтижесі.

Әрбір паровозға көмір тиеуге норма бойынша 22 минут уақыт керек. Ал, Воронин жолдас басқарған бригаданың мүшелері бұл жұмысты 10—11 минутте емін-еркін атқара береді. Бұл күндері көмір тиеушілер Матай бөлімшесі теміржолшыларының үндеуіне жауап ретінде еңбек қарқынын үдете түсуде. Олар бұдан былайғы жерде де поездардың көмір тиеуге тұру мерзімін қысқарта бермек.

М. ҚАЛАУОВ.

Үздік сапарлар

Жуырда машинист Рожановский жолдас тың бригадасы жол бөлімшесінің участогінде тамаша сапар жасады. Нормадағыдан 1000 тонна артық жүк тиелген поездды ол Петропавл станциясынан Макушиноға раписаниеде көрсетілген мерзімнен 34 минут бұрын жеткізді.

Әлі жайбаракат отыр

Ал, «Прогресс» колхозының бастауыш партия ұйымында онбес коммунистің екеуіне ғана партия тапсырмасы берілген, партия жыйналысы екі-үш айда бір-ақ өткізіледі.

Бұл сыяқты фактілерді қай ауданнан болса да келтіруге болар еді. Бірақ, әңгіме фактілерді тізбектен атауда ғана емес, ал, бұл кемшіліктер неліктен орын алады, әңгіме, міне, осы жөнінде болып отыр. Партия жұмысының коммунистерге партиялық тапсырма беру сыяқты аса маңызды мәселесіндегі кемшіліктердің сынды мынада, біріншіден, бастауыш партия ұйымдарының кейбір секретарьлары партиялық тапсырманы орындаудың ком-

сыяқты мәселені де қамтуға олардың қабілеті жетпей қалатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын тәрбиелеу мәселесіне үнемі көңіл бөліп, оларға практикалық мәселелерді шешу жөнінен күнбе-күн нақты көмек көрсетулері керек.

Партияның әрбір мүше, кандидатына, әсіресе, жас коммунистерге партиялық тапсырма жүктеп, оны орындату арқылы партия ұйымының жұмысына белсене араластыру, сөйтіп, большевикше тәрбиелеу, ұйымның жұмысы үшін жауапкершілік сезімін арттыру — бастауыш партия ұйымдарының басты міндеті.

Мартин Андерсен Нексенің Москваға келуі

Данияның белгілі жазушысы, көрнекті қоғам қайраткері, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі бюросының мүшесі Мартин Андерсен Нексе ССРО совет жазушылары одағының шақыруы бойынша 15 августа Москваға келді.

Внуково аэродромында қоңақты жазушылар А. Сафронов, Г. Гулиа, Ф. Панферов, совет жұртшылығының өкілдері қарсы алды.

(СОТА).

Жас шахтерлер слеті

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Кеше кеншілер Сарайында жас шахтерлердің слеті болды. Слетте мыңнан астам қарағандылықтар және Қарағандымен жарысқа түскен «Ворошиловградуголь» комбинаты кеншілерінің делегациясы қатысты. Сталин жолдасқа жазылған хатта қабылданған міндеттемелерді орындау жөніндегі жастардың міндеттері туралы «Қарағандауголь» комбинатының бастығы Иноземцев жолдас баяндама жасады.

Жас кеншілер Сталин жолдасқа жазылған хатта шахтерлер қабылдаған міндеттемелерді ойдағыдай орындау ісіне зор үлес қосты. Комбинаттың жеті мыңнан астам жас жұмысшылары өндірістік нормаларын асыра орындайды, олардың көп-

шілігі 1953 жылдың есесіне көмір шығаруда.

№ 55 шахтаның үшінші участогінің комсомолецтері әрбір өндірістік циклда материалдарды үнемдеу жолындағы жарыстың инициаторы болды. Бұл шахтаның жас патриоттары жүздеген мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

Слетке қатысушылар жұмыс тәжірибелерін ортаға салды. Жданов атындағы шахтаның врубмашинисі Григорий Ляшенко «Ворошиловградуголь» комбинатының «Никонор» шахтасындағы кен комбайнының машинисі Семенов тағы басқалары еңбектегі өз табыстары туралы айтты.

Слетке қатысушылар И. В. Сталин жолдасқа құттықтау қабылдады.

ХАЛЫҚ БИІНІҢ ҚАЗАҚ АНСАМБЛІНІҢ ГАСТРОЛЬДЕРІ

ГҮРЬЕВ. (ҚазТАГ). Қалада халық биінің ансамблінің гастрольдері зор табыспен өтті. Ансамбль балық комбинатында, мұнайшылардың мәдениет Сарайында, тұр-

ғын үйлер қалашығында концерт берді. Ансамбль Доссор және Мақат кәсіпшіліктерінің мұнайшыларына концерт беруге жүріп кетті.

Шофер В. Гавриков жолдас комбайн бункерінен қырмандағар астық жеткізеді. Ол күн сайын 525 центнер астық тағып жүр. Осы сыяқты, комбайннан астық алуда Торангүл совхозының шофері Шкодин жолдас та стахановша еңбек етіп, күндік норманы артығымен орындап жүргендердің бірі.

А. РАХМЕТОВ.

даудың барысы барлық жерде бірден емес. Ауданның бірқатар шаруашылықтары мұндай аса маңызды науқанға осы уақытқа дейін шыдап кіріспей отыр. Бұл жөнінде Семиполка МТС-нің (директоры Могицкий жолдас) қамтуындағы колхоздарды мысалға алуға болады. МТС-те август айының орта шеніне дейін барлық комбайнның үштен бірі жөндеуден өтпеді. Мұның өзі колхоздардың басым көпшілігі

болады. Еңгінеу дау ешбір үді. Сондықтары мұндай мұндағы кемі жыйнау мен дай жүргізілті.

Халықтық демократ

Азат етілу күні құрмеіне

БУХАРЕСТ, 12 август. (СОТА). Румынияның барлық өнеркәсіп орындарында, темір жолдары мен су транспортында елді Совет Армиясының фашистік құлданудан азат етуінің 8 жылдығы—23 август күні құрметіндегі социалистік жарыс кеңінен өрістетілді.

Плоештидегі мұнай жабдықтарын жасайтын заводтың 300-ден аса жұмысшысы үстіміздегі жылдың нормаларын орындады. Бұл кәсіп орнының Константин Прушан басқарған стахановтық бригадасы сменалық тапсырманы күн сайын 200 проценттен орындап жүр.

Станок жасау заводы бірталай өнімді келесі жылдың есебіне шығарып жатыр. Завод коллективі жылдық жоспарды 7 ноябрьге орындауға, ал 23 августа, ұлттық мереке күні 15 сентябрьдің есебіне өнім беруге міндеттенді.

ПОЛЬША ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

ВАРШАВА, 13 август. (СОТА). Польшаның барлық жоғары оқу орындарында қабылдау емтихандары басталды. Быйыл емтихан тапсыруға 38 мың адам өтініш берді, олардың 57 проценті жұмысшылар мен шаруалардың балалары. Орта мектептерді үздік бітіргендер жоғары оқу орындарына емтихансыз қабылданды.

Оқушылар, әсіресе, техникалық, медициналық және ауылшаруашылықтық жоғарғы оқу орындарына көптеп түсіп жатыр.

Венгрияның мемлекеттік жыйналы

Матиас Ракоши—Венгер Халық Респуб Советінің Председате

БУДАПЕШТ, 14 август. (СОТА). Бүгін мұнда Венгер Халық Республикасы мемлекеттік жыйналысының сессиясы болды. Венгер Халық Республикасы президиумының секретары Пирошки Сабоның екі сессия арасында президиумының істеген жұмысы туралы есепті баяндамасы тыңдалды.

Будан кейін Венгер Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Иштван Добидің Министрлер Советі Председателінің міндетін орындаудан өзін босататындығы туралы хатты оқыды. Сессия Иштван Добидің орнынан түсуін қабыл алды. Венгер Халық Республикасы президиумының ұсынысы бойынша республиканың Министрлер Советінің Председателі болып бірауыздан Матиас Ракоши сайланды. Бұл ұсынысты қабылдап, мемлекеттік жыйналыс Матиас Ракошидің құраметіне ұзақ орация жасады.

БОЛГАР ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ

СОФИЯ, 12 август. (СОТА). 1951 жылы болгар жұмысшылары 10200 рационализаторлық ұсыныс жасады, оларды өндіріске пайдалану 32 миллион лев үнем берді.

Болгар еңбекшілері 1952 жылды димитровтық бесжылдықты аяқтау жылы етуге жаппай жұмылды. Өнеркәсіптің, транспорт пен құрылыстың қызметкерлері бірін

Матиас Ракоши өзіне көрсетіл жыйналысқа ты. Бұл жоғары барлық к берді.

Осыдан кейін Халық Респ председателіні босататындығы Мемлекеттік Ш. Ронайдің Венгрияның президиумы қызметке біра лады.

Мұнан соң лыстың преденан түсуін қа ауыздан Ша

ші тоқсанның лизаторлық ұтардың 2 мы миллион левт «Болгариян триясының» С тиві өздерінің жасап шығар

пың күші—бұқарамен аныста

үнемі сүйен-
кесінде- көші-
ымдары мемле-
қ және артығы
ың сапасының
Ауыл-село пар-
зде ауыл шар-
асты міндетті

тұрақты өнім
көбейту және
ін арттыру жо-
рлықтай табыс

ауып партия
комитеттерде
асты нығайта
ұйымдастыру

қосарту жөнінде
келеді деп ай-
де бұқараның
ардың сын ш-
ктен аулақтал
жалаң өкімші

рлер аз да бұл
ренцияларында
теттерін, олар
уып партия

сыз байланыса
өндірісте тіке-
истерді жақсы
пейтіндігі және

яндамалар жа-
л сынады. Мә-
на қарағанда,
ң секретарьла-

ххоздарға кел-
і, тіпті, әрі
рестарымен га-
ғы біттіге өсең

ермен, колхоз-

мысты дұрыс ұштастыра білу, партиялық
-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұ-
мыстың дәрежесін үнемі көтеру, үнемі бұ-
қараның қалың ортасында болып, олар-
дың тілегін біліп отыру, төменнен айтыл-
ған сын пікірден деркесінде тиісті қоры-
тынды шығару, сөйтіп, жұмыстары кем-
шіліктерді тез жою қажет.

Басшы қызметкердің міндеті—бұқараны
үйрету ғана емес, сонымен бірге, бұқара-
дан үйрене де білу болып табылады, өйт-
кені, бұқараға сүйенбейінше, олардың
кеңесін ескермейінше ол өзіне жүктелген
істі ойдағыдай орындамақ емес. Бұқара-
мен байланысты үнемі нығайта отырып,
партия ұйымдары кемшіліктерге тазбеу-
шілік, әр жұмыста жоғары талап қоюшы
лық көрсетулері керек.

Өткен аудандық партия конференциялі-
рында кейбір басшы қызметкерлердің ен-
бекшілердің шағым арыздарына деркесінде
жауап қайтармайтындықтары жөнінде де
көп сын айтылды. Партия комитеттері ол-
сыннан тиісті қортынды шығарып, ша-
ғымдарына уақытында құлақ асуға мін-
детті.

Бұқараға басшылық жасауда партия-
мыз әрқашан партияда жоқ активтерге сүй-
енеді. Мұндай актив партия мен бұқара-
ның арасын байланыстыратын, буын, пар-
тияның еркін бұқара арасына жеткізуші
болып саналады. Сталин жолдас партия-
ның күші оның төңірегінде партияда жоқ
активтердің болуында, ол партияны пар-
тияда жоқ қалың бұқарамен тығыз байла-
ныстырады деп үйретеді. Партия ұйым-
дары өздерінің төңірегіндегі партияда жоқ
активтерді топтастырып, олармен үнемі
жұмыс істеулері, оларға маркстік-ленин-
дік тәрбие беру жөнінде қамқорлық жасау-
лары керек. Партияда жоқ активтер ката-



Петропавлдың шойын құю- таразы заво-
ды балалар үшін шана шығаруды меңгер-
ді. Көпшілік тұтыну бұйымдарын дайы-
ндайтын цехтың бастығы А. Давыдов жол-
дас шана шығару жөнінде бірнеше ра-
ционализаторлық ұсыныстар енгізді.

СУРЕТТЕ: (оң жақта) цех бастығы
А. Давыдов және стахановшы слесарь
Д. Малыхияның дайын шаналарды қарап
тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн

Ұзынкөл астық совхозында

Сыйырлардың сүттілігі арттырылды

Сыйырлардан сүтті көп сауу мақ-
сатында совхозда сауын сыйырлар-
ға күн сайын үш мезгіл көк шөп
беру ұйымдастырылған. Осының
нәтижесінде сыйырлардың сүті едо-
руі арта бастады. № 3 бөлімшеде
қазірдің өзінде сауын сыйырлардан
300 литрге жуық сүт артық алын-
ды. № 2 бөлімшеде де бір табында

Корей халқы Совет Армиясының азат етуінің жеті жылдығын атап өтуде

Пхеньянда болған салтанатты мәжіліс

КИМ ИР СЕННИҢ СӨЗІ

ПХЕНЬЯН, 14 август. (СОТА). Пхенья-
нда Совет Армиясының Корейның жапон
империалистерінің тепкісінен азат етуінің
7 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс
болды.

Мәжіліс залына өндіріс озаттары, Корей
Халық-Демократиялық Республикасының
батырлары, Қытайдың ерікті әскер бөлім-
дерінің жауынгерлері мен командирлері,
ғалымдар, искусство қызметкерлері, партия
лардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері
және дипломатиялық корпусының мүшелері
жыбыралды. Сахнаның төрінде И. В.
Сталиннің, Ким Ир Сеннің және Мао Цзе-
дунның түрлі гүлдерге бөленген портрет-
тері қойылған. «Ұлы Совет Одағының Ко-
реяны азат етуінің 7 жылдығы жасасын!»
деген ұран алтындай жарқырайды. Президи-
умның столында Ким Ир Сен, Пак Хэ-
Ең, Хон Ги Дю, Хе Гай, Пак Ден Ай,
Пак Чан Ок, Цой Ен Ген және ССРО-ның
Корей Халық-Демократиялық Республика-
сындағы елшісі В. Н. Разуваев. Аса зор
өрлеу үстінде құрметті президиумға И. В.
Сталин жолдас бастаған БК(б)П Орталық
Комитетінің Саяси Бюросы бірауыздан
сайланды. Құрметті президиумға сонымен
қатар, туысқан партиялардың басшылары
да сайланды.

Корей Халық-Демократиялық Респуб-
ликасы министрлер кабинетінің председатели
Корей Халық армиясының жоғарғы Бас
қолбасшысы Ким Ир Сенге баяндама жа-
сау үшін сөз берілді.

Ким Ир Сен өзінің ұзақ сөзінде Совет
Армиясының Корейны жапон империалис-
терінің отарлық тепкісінен азат етуі ко-
рей халқының тарихында жаңа бет ашқа-
нын атап айтты. Корей халқы бұдан жеті
жыл бұрын, өзінің ұзақ ғасырлардан бергі
тарихында тұңғыш рет өз тұрмысын өзі

елдерді және электр станцияларын тал-
қандауда, елді пункттерді тағылықпен бөм-
алап, Корейның бейбіт халқын жоғары
әрекеттенуде.

Алайда, деді Ким Ир Сен, ешқандай
аулымдық бостандық сүйгіш корей халқы-
на тізе бүктіре алмайды. Жеңілмейтін күш
болып табылатын Корей Халық армиясы-
ның және онымен бірге қол ұстасып күре-
ліп жатқан қытай еріктілерінің күштері
мен жауынгерлік шеберлігі үздіксіз артуда.
Оңтүстік Корейның қаһарман партизанда-
рының қатары өсуде. Жұмысшылар, шаруа-
лар мен интеллигенция—бүкіл халық «бәрі
майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» деген
ұранмен жанаямай еңбек етіп жатқан рес-
публиканың тылы нығаюда.

Бірақ, корей халқы, деді бұдан кейін
Ким Ир Сен, бейбітшілікке ұмтылып отыр.
Сіздің Паньмыньчжоньдағы делегациямыз
уақытша бітім туралы келісімге жету үшін
барлық шараларды істеуде. Алайда, амер-
икан жағы, сөз жүзінде бейбітшілік тура-
лы айтса да, іс жүзінде келіссөздерді сәт-
сіздікке ұшыратып, соғысты ұлғайта беру-
ді жақтауда.

Баяндамасының қорытындысында Ким
Ир Сен бүкіл корей халқының американдық
агрессорларына қарсы әділетті Отан соғы-
сында жеңіске жетуге, өзінің демократия-
лық жеңістерін, өзінің бостандығы мен
тәуелсіздігін қорғап, сақтап қалуға берік
бел байлағанын білдірді.

Мәжіліске қатысушылар Корейны азат
етуші Совет Армиясының құрметіне, совет
және корей халықтарының мызғымас дос-
тығының құрметіне, Ким Ир Сен мен Мао
Цзе-дунның құрметіне, бүкіл дүние жүзі
енбекшілерінің ұлы көсемі және ұстазы
И. В. Сталин жолдасының құрметіне ду-
қолшапалақтап, Ким Ир Сеннің сөзін сан-
сымен бекітіп отырды.

тісін жасауға кірісетінін айтты.

Н. ЗАҒЫПАРОВ.

ды кезінде қарау жөнінде үнемі бақылау ұйымдастыруды талап етті.

Еділ — Дон кеме қатынасы каналы туралы әңгіме өткізді.

Финанс орындарының маңызды міндеттері

Партиямыз бен үкметіміз жыл сайын халық шаруашылығы жоспарларын жүзеге асыру мақсатына көптеген қаржы босатып келеді. Осыған байланысты финансы қызметкерлері халық шаруашылығын және мәдениет құрылысын қаржыландыру жөнінде бүгінгі талаптарға сай жұмыс істеулері керек.

Барлық жерлердегі сияқты, Петропавл қаласындағы финансы-банк қызметкерлері алған міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында ұйымдастыру жұмыстарын жақсартумен қатар, қаржы жыйнау жоспарын ойдағыдай орындауға жетісті. 1952 жылдың бірінші тоқсанында қаланың финансы қызметкерлері алған міндеттемелерін орындау жөнінде облыс бойынша бірінші орынға шығып, облыстық Совет атқамінің ауыспалы Қызыл Туы мен ақшадай сыйлығын алды.

Бірақ, бұдан жекелеген учасктердің финансы жұмыстарында кемшіліктер кездеспей отыр деген ұғым тұмайды. Бірінші тоқсанда қаржы жыйнау жоспары ойдағыдай орындалды дедік. Солай бола тұрса да, қаланың финансы орындары екінші тоқсанда салықтардан түсетін қаржылар жоспарын 98,6 процент қана орындап шықты. Сонымен қатар, бірінші жартыжылдықта бюджеттің кіріс бөлегі де жоспардағыдан 3,4 процент кем орындалды. Бір қатар ұйымдарда сметалық-штаттық тәртіп қатаң сақталмай келеді.

Финансы мекемелерінің және ұйымдардың басшылары орынсыз артық жұмсалған қаржыларды қалпына келтіру мәселесіне де жете назар аудармай келеді.

Бірінші тоқсанда айналым салығы және кіріс салығы жөніндегі тапсырмалардың орындалмауы көбінесе жекелеген кәсіпорындарының өндірістік жоспарларды орындамауына байланысты болды. Мәселен, облыстық кәсіпшілік одағына қарасты «Друг кооперации», Сталин атындағы «Прогресс», мүгедектер кооперациясы одағына қарасты «Ударник» және Киров атындағы артельдер өндірістік жоспарларды орындай алмады.

Міне, бұлардың осындай кемшіліктері салдарынан бюджетке кіріс салығынан үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында 350 мың сом кем түсті.

Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының V съезі большевиктік партия мен Совет Үкметінің нұсқауларына сүйене отырып, республика финансы орындарының жұмысын негізінен жақсарту, сөйтіп, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлегін қалтқысыз орындау міндетін қойды. Сонымен қатар, съезд халық шаруашылығын, мәдениетті, ғылымды өркендету және еңбекшілердің әл-ауқат дәрежесін жақсартуға түсу шараларын кезінде толық қаржыландыруды талап етті.

Бірақ, жоғарыда айтылғандай, қалаларғы финансы орындары түрлі шараларды қаржыландыру жөніндегі өздерінің жұмыстарын осы міндеттерге сай құра алмай келеді. Бюджеттің кіріс бөлегі бойынша белгіленген қаржының үстіміздегі жылдың 6 айы ішінде 6,4 процентінің менгерілмей қалуы осыны дәлелдейді.

Финансы орындары тарапынан ұйымдар мен мекемелердегі финансы шаруашылығын

дұрыс жүргізуге де тиісті дәрежеде көмек көрсетілмей келеді. Мынадай бір мысалды айта кету қажет: алғашқы тоқсанда қаланың 53 ұйымдары мен мекемелеріндегі финансы жұмысының жағдайы тексерілуге тиіс еді. Алайда, осы мерзім ішінде небары 35 мекеменің жұмысы ғана тексерілді. Сол сияқты, штат секторының қызметкерлері екінші тоқсанда да тексерілуге тиісті 80 мекеменің ішінен 47 мекемені ғана тексерді.

Қала финансы орындарының жұмысындағы негізгі кемшіліктердің бірі коммуналдық банк пен сақтық кассаларының қала еңбекшілерінен мемлекеттік салықты жыйнау жұмысын қанағаттанғысыз жүргізуде болып отыр. Мұның ақыры бізде кейбір айларда салық төлеушілердің өте-мөте көбейіп кетуіне әкеліп соғып жүр.

Бұдан былайғы жерде финансы-банк орындарының жұмысында кездескен кемшіліктерді дереу жою мақсатында финансы қызметкерлерінің жуырда болып өткен қалалық активінде алға қойылған міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға бағытталған көтеріңкі міндеттемелер қабылданды.

Қаланың финансы ұйымдарының қызметкерлері өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін осы міндеттерді орындау күресіне жұмылдыра отырып, барлық финансы бөрсеткіштері бойынша тапсырмалардың ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етулері керек.

В. АРТЕМЬЕВ,

ҚК(Б)П қалалық комитетінің секретары.

ріді.

Бұл жұмыста 20 жыл бойы үздік еңбек етіп келе жатқан Иван Фроловтың монтерлер бригадасы алда келеді. Мұнда айлық жоспар үнемі 240—270 проценттен орындалады. Бригаданың стахановшылары Морев және Игнатьев жолдастар күн сайын 2—3 норма орындайды.

Ж. ЖОЛАУШИН.

КОЛХОЗҒА КӨМЕК

Қаладағы колхоз кадрларын даярлайтын мектептің бір топ тыңдаушылары Петропавл ауданындағы Жамбыл атындағы ауыл шаруашылық артелінде пішен дайындауда жұмыс істеп жүр. Көмекке барғандар қажырлылықпен еңбек етіп, 4 жұмыс күні ішінде 1700 центнер пішен жыйнап, маяға салды.

Н. БАЙЛИН.

ша, АҚШ үкметі дікті өзара қамта сәйкес, оның АҚ алуына рұқсат бер тьябрьде АҚШ-ка алғанда 10 офице миссиясы келмек. тында және қару-ген орталықтарда, болмақ. Американнен кейін Америка швейцарлықтарды установақаларымен царияға бармақ.

«Вашингтондағы пікірі бойынша, — царияның осы бр американ қару-жа елдің қару-жара одағы мүшелерінің

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ПАРКІНДЕГІ ЖАЗҒА

17 августа

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ХОРЫНЫҢ Г

Хордың құрамында 50 адам бар

Хор орыс, қазақ және татар тілдерін орындайды

Ойын кешкі сағат 10-да басталады Касса кешкі сағат

Шағын двигательдер заводына тез арада тәжірибелі токарь, слесарь, фрезеровщик және станокшы үйренушілер КЕРЕК.

Құрылысқа құрылысшы жұмысшылар және басқа да жұмысшылар, тәжірибелі машинистка және секретарь машинистка КЕРЕК.

Жұмыс жайы жөнінде Октябрь көшесі, 43-үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

ССРО Министр жылғы 7 июльде және «Главсоль» июльдегі № 203

Петропавлдағы «соль» мекемесі а

Шағым-арызд августқа дейін

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс еті